К.Т.Ә. - 9 - 03

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

## Тұрмыс-салт жырларының тәрбиелік мәні

Қарап тұрсам, адамзат баласы табиғаттың сыр-сипатын, жұмбағын, қоғам өміріндегі түрлі болмыстың шындығы мен қайшылығын ой-сана қуатымен танып біледі. Соның ішіндегі өмір құбылыстарын образдық ой арқылы жеткізудің сан алуан көркемдік ерекшеліктерінің бір парасы тұрмыс-салт жырларында өзіне тән тұрмыс-тіршілігі суреттеледі дейді ғой. Оныcы шындықтың шарықтау белгісі. Адам баласының ой санасы, алға басуы, сана-сезімінің өсуі, қоғамның экономикалық, тіршілік жағдайларына байланысты рухани мәдениеті жан дүниенің табиғаты қаншалықты әсем болса, үлгісі де соншалықта жүйелі болып келетінің шындық емес пе?!

Және де тұрмыс-салт жырларында көне эпостық шығармаларға негіз болған мұңды өлеңдер мен салт жырларынан бастап, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты, қуаныш пен сүйініш-күйінішті көрсететін сиракалық ән-өлеңдер де, тарихи шағын жырлар да кездеседі. Соның ішіндегі наурыз жырлары, төрт түлік мал туралы өлеңдер ең көне түр болып саналады. Мұндай жырларда ежелгі адамдардың еңбек кәсібі, түрлі көркемдік түсініктері, табиғаттың жұмбақ сырына үңіліп, оған табынудан туындаған ұғым түсініктері сипатталады. Қазақтың тұрмыс-салт жырлары жеке немесе топтасқан түрде белгілі бір жүйемен орындалады.

Қазақ зерттеушілері тұрмыс-салт жырлары терминін түрліше қолданылаған: салт өлеңдері (Ә. Диваев, Б. Кенжебаев)

Сарындама (А. Байтұрсынұлы), сыншылдық салт өлеңдері (М. Әуезов), салт өлең жырлары (С. Сейфуллин), тұрмыс салтқа байланысты туған шығармалар (М. Ғабдуллин), әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдері (Б. Уахатов), т.б. Уахатовтың "Қазақтың халық өлеңдері" (1974) еңбегінде тұрмыс-салт жырларының көне түркілік дәуірден бергі үлгілері өлең жинау, зерттеу жайы жан-жақты қамтылып, өлеңдер жанрлық тұрғыдан түрге жіктелген. Алайда халықтың тұрмыс өлең салты үнемі өсу, жаңару үстінде болғандықтан жырларды жіктеу де өзгеріске ұшырап отырады. Ғалымдарға соңғы көз қарастан нәтижесінде тұрмыс-салт жырлары да жаңаша тұрғыдан саралана бастады.